bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі: KZ45VPY00102718
2019

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

# Ғажайып күн шуағы

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 15.11.2019 | https://bilimger.kz/62873/ |

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

---

Қызылорда қаласы Қармақшы ауданы
№ 3 «Ертөстік» бөбекжай-бақша
Тәрбиеші : Уатаева Аманкүл
II-санатты

***Ашық ұйымдастырылған оқу-қызметі***

**Білім беру саласы:**Таным

**Ұйымдастырылған оқу қызметі**:Сенсорика

**Тақырыбы:**«Ғажайып күн шуағы»

**Мақсаты:**Балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту.Өзара достыққа, татулыққа тәрбиелеу**.**

**Қолданатын әдіс-тәсілдер**:көрсету,әңгімелеу,сұрақ-жауап,ТРИЗ-технологиясы,дидактикалық ойындар

**Көрнекілігі:**күннің суреті,түрлі-түсті доптар,қорапшалар,теледидар.

| ***Іс-әрекет кезеңдері*** | ***Тәрбиешінің іс-әрекеті*** | ***Балаларды іс-әрекет*** |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| **Мотивация-қ қозғаушылық** | -Балалар,бүгін бізде қонаққа көп апайлар келді. Кәне келген қонақтармен амандасып алайық.<br>-Сәлеметсіздер ме,апайлар!<br>-Енді шаттық шеңберін орындап жіберейік<br><br>***Шаттық шеңбері***<br>Топ-топ,топ басайық,<br>Жалаудан күн жасайық.<br>Жаса,жаса алтын күн,<br>Жаса жаса жарқын күн! | Балалар орындарынан тұрып апайлармен амандасады.<br><br>Балалар мәтінді қайталап қимыл-қозғалыс арқылы жасайды. |
| **Ұйымдастыру-шылық-ізденушілік** | -Балалар ,қарандаршы ауа-райы тамаша болып тұр екен.<br>-Аспанда не шығып тұр?<br>-Дұрыс айтасыңдар күн шығып тұр.<br>-Бүгінгі біздің ашық оқу қызметіміздің тақырыбы «Ғажайып күн шуағы».<br>-Күн қандай болады?(Дөңгелек,үлкен,ыстық)<br>-Күннің түсі қандай?<br>-Күннің көзі жарқырап шыққан кезде табиғатқұлпырып,гүлдер,шөптер,құстар,жануарлар,адамдар ұйқыдан оянады және өздерін қуанышты сезінеді.<br>-Балалар,аспанда күн болмаса,дала қандай<br><br>болады?<br>-Күн бізге,жерге жылуын шашып тұрады.<br>ТРИЗ-әдіс арқылы күннің шуағын,қыстырғыштар арқылы қыстырып шығу.<br>-Балалар бізге қонаққа күн келіпті ол көңілсіз екен оған көмектесеміз бе шуақтарын табуға?<br>-Балалар сендер күнге шуақтарын тауып беріңдер.Сол себепті күн бізге ойын алып келіпті.<br>***Дидактикалық ойын: «Түстерді ажырап»***<br>Шарты: Себеттегі доптарды,үш түрлі қорапшаға түстеріне қарай ажырату.<br><br>***Сергіту сәті:*** Теледидар арқылы қимыл-қозғалыс арқылы жасау.<br><br>***Дидактикалық ойын: «Ғажайып күй»***<br>Шарты: Көптеген түрлі-түсті доптардың ішінен сары допты тауып тізбектеу.<br><br>Ұйымдастырылған оқу қызметін сұрақ-жауап арқылы қорытындылау.Белсене қатысқан балаларды мадақтау. | Күн<br><br>Оқу қызметінің тақырыбымен танысады.<br>Дөңгелек,үлкеныстық<br>-Сары<br>Суреттер арқылы түсінеді.<br><br>-Қараңғы,суық болады<br>Суреттер арқылы тамашалау.<br>ТРИЗ-әдісі арқылы балалар күнге<br>шуақтарын қыстырғыштар арқылы жасап шықты.<br>Балалар ойынға қызыға қатысты.<br><br>Балалар себеттен үш түрлі қорапшаға түстерді айырып салып шықты.<br>Қимыл-қозғалыс жасады<br><br>Балалар  түрлі-түсті доптардың ішінен сары допты таңдап алып тізбектеп шеңбер жасап шықты.Тәрбиешінің сұрақтарына жауап берді(Күн-дөңгелек,үлкен,сары) |
| ***Рефлексиялық түзетушілік.*** | | |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

***Күтілетін нәтиже:***

***Білді:*** Күннің қасиетін,оның сәулелерінің көлемі мен пішінін.

***Меңгереді:*** Түрлі-түсті доптарды ажыратып тануды,ойынның ережесін түсініп ойнауды.

***Игерді:*** Балалардың ойлау,есте сақтау қабілеттерді дамиды,табиғатқа деген сезімдерін қалыптасады

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.